



АНТАЛИЯ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ФОРУМЫ

Мемлекет басшысы жаһандық үрдіске жауапкершілікпен қарауға шақырды

2

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №37 (6715) 21 сәуір, сейсенбі, 2026 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+

БІЛІМ

ҰБТ - да ҮЛКЕН ӨЗГЕРІС:

енді бір рет қана тапсырасыз

Қазақстанда талапкерлерді іріктеу жүйесін жетілдіру мақсатында Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) форматына бірқатар өзгерістер енгізу жоспарланып отыр. Бұл туралы ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева мәлімдеді.

Министрдің айтуынша, адами капиталға инвестиция жасау – мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының бірі. Бұл бағыт Қасым-Жомарт Тоқаев жүргізіп отырған реформалардың негізін құрайды. Бүгінде әлем елдері білім беру жүйесін жаңғыртып, жаңа модельдер мен цифрлық шешімдерді енгізуде.



9

КІТАП ОҚИТЫН ҚАЛА

ОҚЫРМАН ҚАЙДА ОЙЫСТЫ?



Кітап – ақыл-парасат қайнары. Айрықша талғап, ерекше талапқа жүгіне отырып кітап оқу – дүние даналығын бойыңа дарыту. Бұл ғана емес, көп кітап оқу – ақыл ауданыңды кеңейтіп қана қоймайды, ойың мен төл көзқарасыңның ширауына ықпал етпек. Ие, ал сол бүгінгі замандас кітапты қалай оқиды? Интеллектуалды тауардың замани игілігі қандай? Саралап көрген болдық.

23 сәуір – Ұлттық кітап күні! Қазақстандықтар үшін кітап оқудың маңызын дәріптейтін, рухани құндылықтарды жаңғыртатын, «оқырман ұлт» қалыптастыру идеясына серпін беретін басты мереке. Алматы қаласында да атаулы дата айрықша аталып өтпек. Осы орайда, маңызды мерекенің бірқатар мақсат-міндетін атап айтуға болады. Мәселен, кітап оқу арқылы ұлт дүниетанымын нығайту, шығармашыл әрі инновацияшыл істерге машықтандыру, ақыл-ой белсенділігін, сана сергектігін сақтау сынды айрықшалықтары бар. Жаппай кітап оқыған ұлттың мәдени көкжиегі кеңейіп, жаһандық бәсекеге қабілетті қоғамға айналады.



6-7

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:

@AQSHAMY_KZ
 @TIKTOK
 @AQSHAM_NEWS

www.aqshamnews.kz



САРАПТАМА

АНТАЛИЯ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ФОРУМЫ

Мемлекет басшысы жаһандық үрдіске жауапкершілікпен қарауға шақырды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен аптада Президент Режеп Тайип Ердоғанның шақыруымен Түркияға жұмыс сапарымен барды. Қазақстан Президенті Анталия дипломатиялық форумының ашылу рәсіміне қатысып, панелдік сессияда сөз сөйледі. Сондай-ақ, екіжақты кездесулер өткізді. Шетелдік және отандық ақпарат кеңістігінде Қасым-Жомарт Тоқаевтың панелдік сессияда мәлімдемелері кеңінен талқыланды.

Жоғары деңгейдегі диалог алаңы

Анталия дипломатиялық форумы – жыл сайын жоғары деңгейде өтетін халықаралық диалог алаңы. Іс-шара саяси көшбасшылар, дипломаттар, сарапшылар, бизнес, медиа және азаматтық қоғам өкілдерінің басын қосады. Сонымен қатар, форум екіжақты және көпжақты байланыстарға, саяси консультациялар мен бейресми кездесулерге арналған тиімді платформа саналады. 2021 жылы басталған форум биыл бесінші рет ұйымдастырылды. 2022, 2024 және 2025 жылдары саяси көшбасшылар, дипломаттар, сарапшылар, бизнес, медиа және азаматтық қоғам өкілдері Анталия төрінде жиналған болатын.

2026 жылы 17-19 сәуірде өткен форум «Болашақты қалыптастыру кезіндегі белгісіздікті басқару» тақырыбын көтеріп, жаһандық болашақты талқылау мақсатында халықаралық сарапшыларды топтастырды.

Форумға 20-дан астам мемлекет және үкімет басшысы, шамамен, 15 вице-президент пен вице-премьер, 50-ден астам министр (соның ішінде 40-тан астамы сыртқы істер министрлері), халықаралық ұйымдардан 75 өкіл қатысты. Жалпы, 460-тан астам жоғары лауазымды мейман, сондай-ақ академиялық орта мен студенттер өкілдерін қоса есептегенде, шамамен, 5 мың қонақ жиналды.

Мемлекет басшылары деңгейіндегі



(Дереккөз: Akorda.kz)

қатысушылардың шамамен жартысы Африка мен Еуропа елдерінің өкілдері болды. Ал Сыртқы істер министрлері деңгейіндегі қатысушылардың 40%-ын Африка, 35%-ын Еуропа және 22%-ын Азия өкілдері құрады. ADF-2026 аясында 40-тан астам іс-шара мен сессия өткізілді.

17 сәуірде Қасым-Жомарт Тоқаев Түркияға жұмыс сапарын Анталия дипломатиялық форумының ресми түрде ашылу рәсімінен бастады. Салтанатты іс-шарада Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған сөз сөйледі. Сондай-ақ, форум жұмысына Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Катар Әмірі шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәни, Пәкістан Премьер-министрі Шахбаз Шариф, Словения Президенті Наташа Пирц-Мусар, Солтүстік Македония Президенті Гордана Силяновска-Давкова, Молдова Президенті Майя Санду, Сирия Президенті Ахмед Аш-Шараа, Бурунди Президенті Эварист Ндайишимие, Конго Демократиялық Республикасы Президенті Феликс Чисекеди, Босния және Герцеговина Төрақасының Төрағасы Денис Бечирович, Грузия Премьер-

ер-министрі Ираклий Кобахидзе және басқа да делегация басшылары қатысты.

Орта державалар рөлі

Қасым-Жомарт Тоқаев Анталия дипломатиялық форумының «Mapping Tomorrow, Managing Uncertainties» панелдік сессиясына да қатысып, жаһандық қауіпсіздік мәселесі төңірегінде пікір айтты. Іс-шараны Түркия Парламентінің депутаты, бұрынғы Сыртқы істер министрі Мевлют Чавушоглы жүргізді.

Президент өз сөзінде Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау мәселесіне жауапкершілікпен қарауға шақырды. Сонымен қатар, Қауіпсіздік Кеңесі тұрақты мүшелерінің ұстанымын Ұйымдағы дағдарыстың басты себептерінің бірі ретінде атады. Қала берді, жаһандық мәселелерді шешуде орта державалардың рөліне тоқталды.

«Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау туралы айтқанда, барынша прагматикалық көзқарас ұстануымыз керек деп санаймын. Әйтпесе, алдағы уақытта да

жолайрық, стратегиялық құндылықтар мен басқа мәселелер жайында айта береміз. Біз жаһандық, өңірлік кездесулер, конференциялар мен түрлі жиындар өткіземіз. Қазақстан және Түркия сияқты орта державалардың маңызы мен оң ықпалын атап өткім келеді. Әрине, әлемде бізге ешкім тең келмейді деп мақтанудан аулақпын. Бірақ жаһандық үдерістерде жоғары деңгейде жауапкершілік танытып жүрміз. Мұны дипломатиялық іс-әрекетіміз көрсетіп отыр. Сондықтан жаһандық мәселелердің шешіміне жиі қарсы келетін Қауіпсіздік Кеңесіндегі ірі державалардан гөрі орта державалардың жауапкершілігі жоғары десек, артық болмайды», – деді Мемлекет басшысы.

Айта кетейік, Мемлекет басшысы БҰҰ-н Қауіпсіздік кеңесін реформалау туралы бұған дейін де айтқан. 2022 және 2023 жылғы БҰҰ Бас Ассамблеясының кезекті сессияларында осындай бастама көтерген. Президенттің пікірінше Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты мүшелері саны артуы керек. 2023 жылғы 78-сессияда орта держава ретінде Қазақстанды оның құрамына қосуды ұсынған.

«Кеңесте «орта державалардың» және барлық дамушы елдердің үні күшейетініне, анық естілетініне кәміл сенемін. Байқауымызша, Қауіпсіздік Кеңесі тығырықтан шыға алмайтын сияқты. Сондықтан бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауда маңызды рөл атқара алуы үшін оның құрамында басқа елдер, соның ішінде Қазақстан да болуы керек», – деген еді Мемлекет басшысы.

Осылайша Анталияда өткен дипломатиялық форумда Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ-ны реформалаудың кезек күттірмейтін мәселе екеніне баса назар аударды. Әсіресе, 2014 жылдан бері қарай мың құбылған әлемдегі геосаяси жағдайда Мемлекет басшысының ұсынысы өте орынды әрі өзекті екені айқын көрініп келді.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

ТАРИХТЫ ЖАҢҒЫРТҚАН БАСТАМА

Тұран өркениетін зерттейтін халықаралық орталық ашылды

Алматыда ҚР Ұлттық ғылым академиясының жанынан «Тұран» университеті базасында «Ұлы дала: Тұран өркениеті» халықаралық зерттеу орталығының ресми ашылуы өтті. Орталық халықаралық зерттеу хабын қалыптастырып, «жұмсақ ғылыми инфрақұрылым» желісін дамытуды мақсат етеді.

Дана
САДЫРҚАН

Іс-шараға Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Түркия мемлекеттерінің консулдары мен дипломатиялық өкілдері, халықаралық ұйымдар, жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелердің басшылары, академиктер мен сарапшылар қатысты.

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева арнайы құттықтау сөзін жолдап, бастаманың тарихи маңызын ерекше атап өтті. Сондай-ақ, орталық қызметі Ұлы даланың өркениеттік мұрасын зерттеуге және халықаралық ғылыми ынтымақтастықты дамытуға елеулі үлес қосатынына сенім білдіріп, ұжымға табыс тіледі.

Іс-шара барысында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясының Басқарма төрағасы – Президенті Ақылбек Күрішбаев және «Тұран» университетінің президенті Рахман Алшанов сөз сөйлеп, жаңа



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

орталықтың стратегиялық маңыздылығына тоқталды.

– Өкінішке қарай, біз өз тарихымызды толыққанды білмейміз. Осындай ғылыми орталықтардың құрылуы – уақыт талабы. Бұл бастама идеологиялық тұрғыдан ағартушылықты күшейтіп, жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Тарихын білмейтін халықтың болашағы бұлыңғыр, – деді Саясат Нұрбек.

Орталық аясында «Turan Civilization Digital Atlas» цифрлық платформасын

іске қосу жоспарланып отыр. Сол арқылы цифрлық архивтер қалыптастырылып, GIS технологиялары, жасанды интеллект және интерактивті картография гуманитарлық зерттеулерге енгізіледі.

Орталықтың ашылуы аясында өткен ғылыми конференцияда қатысушылар Ұлы даланы тұтас өркениеттік кеңістік ретінде пәнаралық тұрғыдан зерттеу мәселелерін талқылады. Сонымен қатар, «Тұран өркениеті» ғылыми парадигмасының әдіснамалық негіздері ұсынылды.

Кездесу соңында «Ұлы дала: Тұран өркениеті» халықаралық зерттеу орталығы аясында бірлескен ғылыми жобаларды кеңейту, тәжірибе алмасуды жүйелі жолға қою және ғылыми байланыстарды тереңдету бағытында нақты келісімдерге қол жеткізілді. Сонымен, жаңа орталықтың ашылуы – ұлттық ғылымның жаңа кезеңге қадам басуы ғана емес, Ұлы даланың бай мұрасын жаһандық ғылыми айналымға енгізуге бағытталған стратегиялық бастама.



ТЫҢ БАСТАМА

Алматыда ерекше экологиялық жоба іске қосылды

Шаһарда «Таза сана» экологиялық бастамасы басталды. Бұл ортаға ұқыпты қарайтын мәдениет қалыптастырып, тұрғындарды экологиялық іс-шараға тартуды көздейді. Жоба туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында айтылды. Аталған бастамаға алғаш рет қала тұрғындарын тазалықты сақтап, экологияны күтіп-баптап, аялауға шақыратын Тазабек маскоты да қатысты.



Дана
САДЫРҚАН

«Таза сана» жобасының жетекшісі Диана Әлиеваның айтуынша, бұл бір реттік акция емес, қалдықтарды сұрыптаудан бастап қоғамдық кеңістіктерге ұқыпты қарауға дейін тұрақты дағды қалыптастыруға бағытталған. Оның аясында қалада аула тазалау сенбіліктері, жағалаулар мен қоғамдық аумақтарды тазалау, сондай-ақ тұрғындарға арналған экологиялық мини-дәрістер мен интерактивті іс-шаралар өтпек.

«Қалада қалдықты жинап, оны қайта өңдеуге жіберетін нүктелер ашылып, еріктілер мен жастар ұйымдары оған белсене атсалыспақшы. Жобаның әлеуметтік желілерінде атқарылған жұмыстың нәтижесін көрсету үшін «бұған дейінгісі мен кейінгісі» дейтін форматта материал жарияланады», – деді ол.

Негізгі бағыттың бірі – балалар және жасөспірімдермен жұмыс істеу. Оларға арнап қалалық эко-лагерь ұйымдас-

тырылып, қатысушылар табиғат туралы білім алып қана қоймай, оны іс жүзінде қолдана алады. Бағдарламаға интерактивті сабақтар, акцияларға қатысу, қалдықтарды бөлек жинауды үйрену мен өз экологиялық бастамаларды әзірлеу де кірді.

Тазабек маскоты экологиялық мәдениеттің жаршысы болады. Атап айтсақ, ол түрлі акцияға қатысып, тұрғындармен, әсіресе, жастармен байланыс орнатып, қоқыс тастамау, қалдықтарды сұрыптау мен қалаға ұқыпты қарау сияқты қарапайым, бірақ маңызды ережелерді әркімнің есіне салып отырмақ.

Жоба Алматының Ішкі саясат басқармасының қолдауымен жүзеге асады. Ұйымдастырушылардың айтуынша, басты мақсат – тазалыққа жауапты болуды үйрететін жаңа қалалық мәдениетті қалыптастыру.

Айта кетейік, бастамаға ниет білдірген жанның барлығы қатыса алады. Іс-шаралар кестесі жобаның әлеуметтік желілерінде жарияланып, олар сол жерде Тазабектің белсенділігін бақылап, экология туралы пайдалы ақпарат ала алады.

жылдың тамызына қарай аяқтау жоспарланған. Сонымен қатар, биыл ауданда «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында 31 жоба жүзеге асырыла бастады. Оның 13-і автосуару жүйесін орнатуға бағытталған.

Спикердің айтуынша, Медеу ауданы қаланың негізгі туристік орталығының бірі болып қала береді. Былтыр ауданға шамамен 649 мың адам келіпті.

Өткен жылы сәтімен жүзеге асқан жобалардың бірі деп «Тереңқұр» жобасын атауға болады. Бүгінде бұл қала тұрғындарының арасында танылмай демалыс орынын біріне айналып, мұнда келетіндердің саны күн сайын артып барады. Осы тәжірибені ескере отырып, биыл «Медеу» паркі аумағын дамыту жоспарланып отыр. Жоба аясында ұзындығы 6 шақырым болатын жаю жүргіншілер бағыты салынып, демалыс аймақтары мен негізгі тартылыс нүктелері бар қоғамдық кеңістіктерді абаттандырып шықпақшы.

Кейінгі жылдары аудан мектептерінде орын тапшылығы байқалған. Осыған байланысты 2023 жылдан бастап жаңа білім беру нысандарын салу және қолданыстағы мектептерді кеңейту жұмыстары қолға алынды.

Жыл басында №35 мектеп жанынан 300 орынды қосымша ғимараттың құрылысы аяқталды. Қазір №56 мектепте және №17 мектеп-интернаттың күрделі жөндеу жұмысы жүргізілуде. «Самал-2» ықшамауданында 300 орынды және №30 мектепте 180 орынды қосымша ғимараттардың құрылысы жалғасуда. Аталған жобалардың нәтижесінде 2026 жылдың соңына дейін 780 жаңа оқушы орны ашылады.

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК

Медеу ауданында автосуару жүйесін дамыту қолға алынды

Аудан сумен жабдықтайтын, су бұратын жүйені дамытып жатыр. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте аудан әкімі Еркебұлан Оразалин осы бағыттағы қолға алынған жұмыстарды және өзге де мәселелерді тарқатты.



Нұржамал
ӘЛІШ

Аудан автосуару жүйесін дамытуды да қолға алды. Биыл да 60 мыңнан астам бұта, 48 мыңнан астам гүл мен 1 мыңнан астам ағаш егуді жоспарланған. Былтырғы жазда, әсіресе, Шығыс айналма автожолының бойында құрғақшылық болып, бұл жасыл желектің күтіміне едәуір әсер етті. Осыған байланысты суару жүйесін жаңғырту жобасы әзірленген болатын. Қазіргі уақытта Шығыс айналма автожолы бойында автоматты суару жүйесіне күрделі жөндеу жүргізіле бастады. Жоба аясында 16 гектар аумақ қамтылып, 98 шақырым желі жаңартылып, 2 резервуар орнатылады. Жұмысты осы

Биыл «Горный гигант», «Малая станица», «Атырау» мен «Каменское плато» ықшамаудандарында ұзындығы 130 шақырым болатын желі салынып жатыр. Негізгі төсеу жұмысының көлемі былтыр аяқталған.

Ал биыл нысандарды қосып, жол жабындысын қалпына келтіріп, көшелерді толық ені бойынша асфальттау жұмысы да аяқталып қалады. Жыл соңына дейін 25 мыңнан астам тұрғын орталықтанған сумен жабдықтайтын және кәріз жүйесіне қосылады деді аудан әкімі.

«Көшбасшылар бағы»

Алматыдағы №224 жалпы білім беретін мектепте «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында ерекше маңызы бар экологиялық-танымдық іс-шара өтті. «Көшбасшылар бағы» атты бастама – қоршаған ортаны қорғау, жас ұрпақтың бойына экологиялық мәдениет пен жауапкершілікті қалыптастыру, сондай-ақ білім беру саласындағы көшбасшылардың қоғам алдындағы борышын дәріптеу мақсатында жүзеге асырылуда.

Салтанатты іс-шараға Бостандық ауданының білім бөлімінің өкілдері, білім беру ұйымдарының басшылары, мектеп әкімшілігі қатысты. Ең қызығы, ауданның мектеп директорлары аллеяға арнайы көшеттерін әкеліп, өз қолдарымен отырғызды.

– Президент бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында №224 «Келешек» мектебінде Бостандық ауданы басшыларының қатысуымен «Көшбасшылар бағы» ашылуда. Бұл – ел көлемінде қолға алынған үлкен бастаманың нақты көрінісі, өскелең ұрпаққа табиғатты аялаудың маңызын түсіндіретін тағылымы мол іс әрі қоршаған ортаны қорғауға бағытталған маңызды қадам, – деді мектеп директоры Райза Ахметова.

Аталған бастама – «Таза Қазақстан» акциясының мәнін тереңдете түсіп, табиғатты аялау мен қоғамға қызмет етудің жарқын үлгісін көрсетті.

Дана БОЛАТҚЫЗЫ.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

КӨП ЖҰМЫЛҒАН ІСТЕ БЕРЕКЕ БАР

Алматылықтар аптаның әр сенбісінде сенбілікке шығуды дәстүрге айналдырған. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бағдарламасы шеңберіндегі «Мөлдір бұлақ» экологиялық акциясы қаланың Алатау және Жетісу аудандарында өтті.

Алатау ауданы. Негізгі локациялар «Қарасу», «Боралдай» ықшамаудандары мен Үлкен Алматы каналы аумағы болды. Сенбіліктің ойдағыдай өтуіне қала тұрғындарымен бірге «Алматы Тазалық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны мен СДС ЖШС-ның ұжымы жұмылып, үлкен қолдау көрсетті. Күрек, тырма, сыпыртқы сынды қажетті құрал-бұйымдармен Алатау ауданының әкімдігі қамтамасыз етті. Бұл өз кезегінде жұмысты сапалы атқарып шығуға септігін тигізді. Сенбілікке

сергек қарайтындар тұрмыстық қалдықтарды жинап, қоқыстарды тазартып, сыпырып, айналаны ретке келтірді. Иә, көп жұмылған істе береке де, нәтиже де болады.

«Қаланы тазарту, көріктендіру жұмысы жалғасуда. Табиғатты қорғау, өзіміз ауасын жұтатын жерді, күнде жүретін жолымызды, серуендейтін саябағымызды таза ұстау – әрқайсымыздың міндетіміз. Ауа райының қолайсыздығына, жаңбырлы күнге қарамастан сенбілікке 550-ден астам адам қатысты. 70 техника жұ-

мылдырылып, нәтижесінде 250 м³ қоқыс шығарылды», – дейді Алатау ауданы әкімдігі көріктендіру бөлімінің басшысы Данияр Қаршыбеков.

Мұндай экологиялық акциялар қала тұрғындарының қоршаған ортаға деген жанашырлығын, жауапкершілігін арттырып, тазалық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етері сөзсіз.

Жетісу ауданы. Сенбілік тұрғындармен бірге еріктілерді және қалалық қызмет өкілдерін біріктірді. Тазалау жұмыстары Палладин мен Тәттібеков көшелерінде жүргізілді. Жағалау аумақтары мен өзен арналары тазартылып, іргелес учаскелер ретке келтірілді.

Қоқыс тиеп шығаратын көліктерді қоса алғанда, 30 мамандандырылған техника жұмылдырылып, нәтижесінде 30 тоннаға жуық қоқыс шығарылды.

Жетісу ауданы әкімінің орынбасары Жанасыл Сабырұлы акцияға қатысушыларға алғыс айтып, қатысудың жоғары деңгейін атап өтті.

«Палладин және Тәттібеков көшелерінің аумағындағы өзен арналарын тазарту жұмыстары жүргізілді. Жақын маңдағы үйлердің мыңға жуық белсенді тұрғындары, коммуналдық қызметтер мен әкімдік құрылымдарының қызметкерлері тазалауға қатысты. Біздің бастамаларымызды дәстүрлі түрде қолдайтын еріктілер мен аға буын өкілдеріне алғыс білдіреміз», – деді ол.

Нұржамал ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.



(kz.kursiv.media)

ҚАЛА ҚАЗЫНАСЫ

Алматы Орталық Азияның хабына айналады

Биылғы көктем Алматы үшін экономикалық тұрғыдан жаңа кезеңнің басталғанын аңғартады. Қалада бір мезетте бірнеше бағытта – инвестиция тарту, инфрақұрылымды жаңарту, кәсіпкерлікті қолдау және цифрлық экожүйелерді дамыту бойынша жүйелі жұмыс жүріп жатыр.

оның құрылымында. Қала билігі ресурстарды қайта бөлу арқылы тиімділікті арттыруға басымдық беріп отыр.

Бюджет шығындарының басым бөлігі инфрақұрылымдық жобаларға, әлеуметтік салаларға және экономиканы ынталандыруға бағытталған. Сарапшылар мұндай тәсілді «проактивті бюджет» деп сипаттайды, яғни қаржы тек ағымдағы қажеттіліктерді жабуға емес, болашақ өсімге негіз қалауға жұмсалады. Бұл саясаттың алғашқы нәтижелері де байқала бастады. 2026 жылдың алғашқы айларында қала экономикасы оң динамика көрсетіп, іскерлік белсенділік артқан. Әсіресе, құрылыс, сауда және қызмет көрсету секторлары айтарлықтай жанданып отыр.

Кәсіпкерлік тірек

Мегаполис экономикасының негізгі қозғаушы күші – шағын және орта бизнес. Осыған байланысты 2026 жылы «Almaty Business – 2030» бағдарламасы іске қосылды. Бұл бастама кәсіпкерлер үшін қаржыландыруға қолжетімділікті кеңейтіп қана қоймай, жаңа бизнес-идеялардың жүзеге асуына жол ашады.

Бағдарлама аясында жеңілдетілген несиелер, гранттар және инфрақұрылымдық қолдау қарастырылған. Сонымен қатар, әлеуметтік кәсіпкерлікке ерекше көңіл бөлініп отыр. Бұл – тек пайда табуға емес, қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған бизнес үлгілерінің дамуына мүмкіндік береді. Сарапшылардың пікірінше, дәл

осы сектор алдағы жылдары Алматының экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі болмақ.

Цифрлық экожүйелер

2026 жылдың басты трендтерінің бірі – цифрлық экономиканың қарқынды дамуы. Бұл бағыттағы ең маңызды оқиғалардың бірі – Алматыда өткен Kursiv Ecosystems Forum 2026. Форум жетекші технологиялық компаниялар мен сарапшыларды бір алаңға жинап, цифрлық экожүйелердің болашағын талқылауға мүмкіндік берді.

Бүгінде әлемде экожүйелік модельдер кеңінен таралуда. Бұл – әртүрлі сервистің (банкинг, маркетплейс, мемлекеттік қызметтер, телеком және IT) бір платформада бірігуі. Мұндай модель пайдаланушыға ыңғайлы әрі тиімді қызмет ұсынуға мүмкіндік береді. Қазақстан бұл бағытта өзіндік жол қалыптастырып келеді. Әсіресе, GovTech пен жеке сектор арасындағы интеграция ерекше қарқынмен дамып отыр. Бұл үрдіс форум барысында кеңінен талқыланды.

Форумда сөз сөйлеген Freedom Holding Corp. компаниясының бас директоры Тимур Турлов Қазақстанның, соның ішінде Алматының бұл салада жаңа трендтер қалыптастырып отырғанын атап өтті. Оның айтуынша, ел тек дайын шешімдерді пайдаланушы емес, жаңа өнімдер мен технологияларды жасаушыға айналып келеді. Әсіресе, мемлекеттік технологиялар мен бизнес өнімдерінің түйіскен жерінде бірегей жобалар пайда болуда.

Жоғарыда аталған барлық факторды ескерсек, Алматының даму моделі айқын көрінеді. Қала дәстүрлі экономиканы дамыту мен цифрлық трансформацияны қатар алып жүріп келеді.

Инвестициялар мен инфрақұрылым нақты секторды күшейтсе, цифрлық экожүйелер жаңа мүмкіндіктер ашады. Екі бағыттың үйлесімі Алматыны Орталық Азиядағы ең тартымды экономикалық орталықтардың біріне айналдыруда. Ендігі міндет – басталған жобаларды тиімді жүзеге асырып, осы қарқынды сақтап қалу. Егер бұл бағыт жалғасын тапса, Алматы алдағы жылдары бүкіл өңірдегі жетекші экономикалық және цифрлық хабтардың біріне айналуы әбден мүмкін.



Дана
САДЫРҚАН

Алматының 2026 жылға арналған бюджеті 2 трлн. 806,4 млрд. теңге болып бекітілді. Бұл – кейінгі жылдардағы ең ірі қаржылық пакеттердің бірі. Ең маңыздысы – қаражат көлемінде емес,



(Сурет: kisha.kz)

Жаңа мөлшерлеме

Бұрын пайдаланылған қайталанатын тұрғын үйлерге арналған ипотека бойынша жаңа мөлшерлемелер енгізіледі. Бұл туралы ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымова мәлімдеді. Өзгерістер 1 шілдеден бастап күшіне енебек.

«Қазір Ұлттық банкпен бірлесіп, кредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті деңгейін белгілейтін қаулыға өзгерістер енгізуді қарастырып жатырмыз. Ипотекалық қарыздар бойынша біз жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін бастапқы жарнамен байланыстыруды жоспарлап отырмыз. Яғни бастапқы жарна 30% және одан

жоғары болған жағдайда жылдық тиімді мөлшерлеме 20% деңгейінде белгіленеді деген нұсқа қарастырылуда. Ал бастапқы жарна 30%-дан төмен болған несиелер үшін бұдан жоғары мөлшерлеме белгіленеді», – деді М.Әбілқасымова.

Оның айтуынша, қазіргі кезде нарық бұл шараның ипотекалық несиелердің қолжетімділігіне кедергі келтіруі мүмкін деген мәселе бар.

«Қаржы нарығының қатысушылары бұл норманы еліміздегі жағдайлар анағұрлым қолайлы болғанға дейін кейінге қалдыру мәселесін көтеруде. Яғни базальқ мөлшерлеме төмендегенге дейін», – деп қосты басшы.

Дана БОЛАТҚЫЗЫ.

Мемлекеттік басқарудағы цифрлық шешімдер

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы жаңа оқу жылына құжат қабылдай бастады. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте академияның Алматы қаласындағы бөлімшесінің директоры Айнұр Ыдырысова осылай деді.



Нұржамал
ӘЛІШ

Оның айтуынша, қабылдау науқаны биылғы 1 сәуірде басталды. 1 маусымға дейін жалғасады. Үміткерлер магистратура мен докторантура бағдарламасына құжатты admission.ara.kz ақпараттық жүйесі арқылы онлайн форматта тапсыра алады.

Спикер биыл білім беру мүмкіндігінің саны артқанын атап өтті. Яғни құжаттар 15 бағдарлама бойынша қабылданады. Ал бұрын олардың саны 12 болған екен. Осы жолы оқу орны «Іскерлік әкімшілендіру (EMBA)» мен «Цифрлық мемлекеттік басқару (DDPA)» атты жаңа бағытты енгізіп отыр.

«Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратураға шамамен 200 адамды, докторантураға 12 адамды алу көзделуде. Сондай-ақ, талапкердің функционалдық еңбек өтілін бағалау үшін арнаулы комиссия құруды да ойластырып қойдық», – дейді Айнұр Ыдырысова.

Оқудың мерзіміне де өзгеріс енгізілген. Мәселен, «Мемлекеттік саясат», «Халықаралық қатынастар» мен «Экономика» бағдарламасы ғылыми-педагогикалық бағытқа ауыстырылып, оқу екі жылға ұзартылды. «Адами ресурстарды басқару» бағдарламасы «Адами ресурстарды стратегиялық басқару» болып қайта аталып, оқу мерзімі 1,5 жылға дейін созылған.

Талапкерге қойылатын бір талап – «Мемлекеттік саясат» бағдарламасына түсетін-



дердің ағылшын тілін білетінін растайтын сертификаты болуы керек.

Іріктеу бірнеше кезеңнен тұрады, оның ішінде үміткердің кәсіби және жеке құзыретін, мемлекеттік басқару жүйесі мен заңнаманы білу деңгейін бағалауға бағытталған сараптамалық эссе жазу мен әңгімелесу де бар.

Алдын ала қабылдау нәтижелері 25 маусымда, қорытынды қабылдау 10 шілдеде жарияланады. Оқу жылы биылғы 1 қыркүйекте басталады.



ҒАРЫШТЫ КӨРЕ АЛМАҒАН ҒАРЫШШЫЛАР



Қазақтан шыққан Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев және Айдын Айымбетов сынды ғарышкерлер – ұлт мақтанышы. Олардың жетістігі арқылы еліміз әлемдегі өз өкілін ғарышқа шығара алған санаулы ұлттардың бірі саналады. Дегенмен, сіз Қазақстанда ғарышқа ұшуға толық дайын болған тағы бір ғарышкердің бар екенін білесіз бе? Анығында, ол ел тарихындағы үшінші ғарышкер атануы да мүмкін еді. Алайда, көпке беймәлім себептермен дайын ғарышкер ғарышқа шыға алмады. Ендігі сыр-сөзіміз сол белгісіз батырға арналмақ.

Нұрлан
СҮЙІН



Көкті қиялдаған бала

Бір қарағанда оның ғарышкер болмауы мүмкін емес те еді. Себебі, ол 1967 жылдың 1 қаңтарында ғарыш айлағының түбіндегі Жалағашта дүниеге келді. Бала Мұхтар көк тұңғиығына көтерілген ғарыш кемелерін көріп өсті. Дегенмен, ол кезде Байқоңыр деген атау ауызға алынбайтын. Қаланың аты – Ленинск немесе «десятка» болды. Картада да жоқ қала. Гагарин атындағы ғарыш айлағы да нөмірленген атаумен болатын. Дегенмен, жиі ұшатын ракеталарды адам көзінен жасыра алмайсың.

Ол кезде ғарышкері жоқ ракеталар да ұшырылып жататын. Байқоңыр алып империя КСРО-ның бірден-бір ғарыш айлағы еді. Жер кіндігі.

Жалпы, ғарышқа ұшу сол кезде ғарыш айлағына жақын орналасқан Жалағаш, Қармақшы, Қазалы аудандарындағы әр баланың жүрек түпкіріндегі арманы болатын. Ешкімге айтылмайтын, ешкіммен бөліспейтін терең тұңғиық арман.

Ал бала Мұхтар сол ешкімге айтылмаған арманды жүзеге асырамын деп бекінген. Арман жетегіндегі бозбала әуелі Алматы аэроклубын, сонан соң Чернигов Жоғарғы авиация училищесін 1988 жылы бітірген.

Тәуелсіздік тұсындағы тірлік

Мұхтардың ғарыш жолы Чернигов авиация училищесіне түскеннен басталды десе болғандай, әлде одан да ертерек. Бозбала Алматы аэроклубында жүріп-ақ көңілі көкте болған. Көкте болғанда да көз көрім жердегі бұлт қабаты емес, анау алыс ғарышта еді. Десе де, өмірдің де өз дегені бар ғой.

Чернигов Жоғарғы Авиация училищесін тәмамдаған соң КСРО қарулы күштеріне алынған, әскери әуе күштерінде қызмет етті. Қазақстан Тәуелсіздік алған соң, капитан шеніндегі ұшқыш-инженер Мұхтар Аймаханов ҚР Әуе күштері қатарында қызметін жалғастырды. Басқалар сияқты космос державасы саналатын Ресейде қалуына болатын еді. Бірақ қазақ маманы өз елін қалады.

Қазақстан әскери авиациясына бар күш-жігерімен қызмет еткісі келген, алайда 1993 жылы әскери қызметтен кетуге тура келді. Жақсы маман жерде жатпайды дегендей, сол бір жылдары қосымша мамандық игеріп, Қазақ Қор биржасы, «Орталық Азия депозитарлық жүйесі» АҚ, «Терминал» ЖШС, «МААГБОЛ» ЖШС қатарлы түрлі мекемеде де жұмыс істеді. Ал 2002 жылы «Әділет» Жоғарғы заң мектебін заңгер мамандығы бойынша бітіріп, сол жылы «Алтын Консалт» ЖШС Бас директоры болып та сайланды.

Қайраулы қылыш

Арманынан айнымаған Мұхтар қандай жағдай болса да ғарышты көкседі. 2001 жылы Аэрокосмостық комитетке ҚР ғарышкері ретінде сынақтан өтуге өтініш қал-

дырды. 2002 жылы жазда Ресей–Қазақстан бірлескен космосқа ұшу жобасы аясында Мәскеудегі Медико-биологиялық институттан медициналық тексеруден өтті. Барлық тексеруден өтіп, 9 қарашада ҚР Ғарышкерлер отрядына қабылдауға кепілдеме жасалды. 2002 жылдың 17 желтоқсанында Мәскеуде Бас медициналық комиссияның тексеруінен кейін жаттығуларға жіберілді.

2003 жылдың 29 мамырынан бастап Ресей ғарышкерлер отрядына кандидат боп дайындықты бастады. Себебі, Қазақстанда ғарышкерлер, ғарышқа дайындау орталығы жоқ еді. 2003 жылдың 16 маусымында «Жұлдызды қалашықтағы» Ю.А.Гагарин атындағы Ғарышкерлерді дайындау орталығында дайындыққа кірісті. Осы орталықта емтихандардың барлығынан «үздік» деген баға алып, «ғарышкер-сынақшы» дәрежесін алды. Халықаралық ғарыш станциясына ұшатын ғарышкерлер сапында дайындықты жалғастырды. Бұл – ғарышқа ұшуға толық дайын деген сөз еді.

2007 жылдың аяғында ғарышкер-сынақшы Мұхтар Аймаханов Ресей–Қазақстан бірлескен жобасы аясындағы еларалық тегін дайындықты толықтай және үздік бітірді. Оның мұндай нәтижесі Ресей ғарышкерлер отрядындағы әріптестерін таңқалдырды. Олар ұшқыш-ғарышкердің нәтижесінің артында ондаған жылғы асқақ арманы жатқанын қайдан білсін олар.

Аяқталмаған арман

Ресейде ғарышқа ұшу бағдарламасының толық дайындығынан өткен М.Аймаханов 2008 жылдың қараша айында 2009 жылы күзде ұшатын негізгі экипажға кандидат боп тіркелді. Қазақстан тарапы бірлескен ұшу сапарына және бір кандидат А.Айымбетовты тіркеген еді.

2009 жылдың сәуір айында Роскосмос басшылығы Қазақстан ғарыш агенттігі Казкосмос басшысынан ресми хат алады. Хатта Қазақстан Үкіметі шешімімен қазақстандық ғарышкерді ғарыш сапарынан шектелетіні айтылған болатын. Ресми хатта «Қаржылай қиындыққа байланысты қазақ ғарышкері ұша алмайды» деп көрсетілген.



Ал ғарыш сапарының құны 26 млн. АҚШ доллары еді. Бұл ғарышқа көтерілуге толықтай дайын тұрған қазақ ғарышкерінің аяғына тұсау түскен сәт болды.

Мұхтардың Ресей ғарышкерлер отрядына өтініш қалдырудан басқа амалы қалмады. Ресей тарапы біздің азаматтығымызды қабылда деген талап қойды. Әрине, дайын ғарышкер кім-кімге де керек еді. Ғарышкер М.Аймаханов оған да көнген. Дегенмен, Мұхтар Ресейге көп ғарышкердің бірі емес, ғарыш саласының мықты маманы ретінде керек еді. М.Аймаханов 2009 жылдан С.И.Вавилов атындағы Жаратылыстану тарихы және техника институтының ғылыми қызметкері болатын. Ал 2010 жылы РФ Президенті жанындағы Ресей мемлекеттік қызмет академиясын тәмамдады.

Ғарышпен «ауырған» Мұхтар 2012 жылы Ресей азаматтығын алады. Сол

жылы 26 қыркүйекте ғарышқа жарамдылық жөніндегі Мемлекеттік медициналық комиссияның шешімімен арнайы жаттығуларға жіберілді. 2014 жылы 27 қаңтарда Роскосмостың Ведомствоаралық комиссиясы шешімімен ғарышкерлер отрядына кандидат боп жіберілді. Ал 2014 жылдың 13 тамызында Ю.Гагарин атындағы Ғарышкерлер дайындау орталығына ғарышкер-сынақшы қызметіне тағайындалды. Ғарышқа дайындыққа толықтай кірісті.

2014 жылдың 19–28 қазанында Краснодар өлкесінде ғарыш экипажының штаттан тыс жағдайда таулы аймаққа түсуі бойынша жаттығуынан өтті. Дегенмен, Ресей тарапы дайын ғарышкердің ұшуын кейінге шегере берген. Мұхтар болса қандай жағдай болмасын отбасынан ажыраған емес.

2022 жылы 22 желтоқсанда Ресей ғарышкерлер отрядынан кетсе де, сол саладағы қызметін жалғастырды. Ресей мықты маманды жібергісі жоқ еді. Негізгі жұмысымен ғылымды қатар алып жүрді. Экономика ғылымдарының кандидаты атанды. Ю.Гагарин атындағы Ғарышкерлер дайындау орталығында жұмысын жалғастырды.

Жұбайы Эльмира кезінде Қазақ Медицина университетінде қызмет еткен маман, медицина ғылымдарының кандидаты. Балалары Исатай мен Әмина өсіп жатыр. Тек аспаннан ары асып, ғарыш тұңғиығына бір шықсам деген асқақ арман жүзеге аспағаны болмаса...



ОҚЫРМАН ҚАЙДА ОЙЫСТЫ?

Дастан
ҚАСТАЙ

(Басы 1-бетте)

Бүгінге дейін...

Адамзат тарихындағы ең алғашқы интеллектуалды тауарлардың бірі ретінде кітаптың нарықтық табиғаты ерекше хроникадан тұрады. Бастапқы кезеңде сирек кездесетін өнер туындысы ретінде саудаға түсті, кейіннен әдіс-темелік, көркем-әдеби, поэтикалық бағытта оқырман қолына тиді. Бүгінгі таңда жаһан жұртшылығының ақпарат алмасу мәдениетін байытқан ірі индустрияға айналды.

Кітап нарығының дамуын бірнеше маңызды кезеңге бөліп қарастыруға болады. Атап айтқанда, кітап нарығының тарихында «институционалдық монополия дәуірі» (діни кітаптардың шығуы), Гутенберг революциясы және капитализм кезеңіндегі кітап нарығының формациясы, баспаханалардың көбеюі кезіндегі кітап өндірісінің жан-жақты дамуы, баспагерлер арасындағы бәсекелестіктен саны мен сапасы артқан шығармашылық өнімдер, автор құқығының заң тұрғысынан нақты айқындалуы, баспа бизнесінің жетіліп, дамуы сынды бірнеше процестер. Кейінгі жылдардағы кітап индустриясының дамуына демократияландыру мен диджитализация процесі айтарлықтай ықпал етті. Ғылымда «Pocketbook» феномені ретінде қарастырылып жүрген үрдіс – шағын, ықшамды кітаптарды нарыққа шығару тенденциясы төрге шықты.

Қазіргі қалып пен нарық

Бүгінгі кітап нарығы – технология мен шығармашылық, қауымдасу мен оқшаулану кеңістігі. Amazon сияқты платформалардың пайда болуы дәстүрлі кітап дүкендері мен дәстүрлі кітап индустриясының ролін төмендеткенін айта кету керек. Десе де, оқырманда таңдау көбейді.

Электронды және аудио форматтағы кітаптарды қолдану, медиаплатформалардағы әртүрлі жанрда, формада жарық көрген мәтіндерді оқу, мәтін мен аудиомәтінді қатар, салыстыра отырып зерделеу сынды игіліктер үлкен мүмкіндік ұсынды. Кітап түрлері дәстүрлі дүкендерде ғана емес, электронды сауда алаңдарында аса жоғары сұранысқа ие болып, медиатеchnология, коммуникация құралдары, блогинг, қоғамдық пікір жетекшілерінің арнайы ұсынысы арқылы насихатталып жатыр.

Кітап нарығында адамзат индустриализациясының жаңа белесі – Self-publishing процесі ортаға шықты. Яғни авторлар баспагерге тәуелді болып қалмай, өз өнімін тікелей сатып, насихаттауға мүмкіндік тапты. Мұндай тың модель жаңа авторлар мен жаңа туындыларды жылдам танып-білуімізге ықпал етті. Модерн қазақ әдебиетіндегі ақын Ақберен Елгезектің «Дардайы», жазушы Арман Әлменбеттің «Тергеушісі» сынды қазақтілді қауымның танымын кеңейтіп жатқан кітаптар сөзімізге дәлел.

Ғалымдардың зерттеуіне қарасақ, соңғы онжылдықта әлемдік кітап санат индустриясындағы «жаңбырлы маусым» Азия-Тынық мұхиты аймағында жауып жатыр. Халқы көп Үндістан мемлекеті әлемдегі ең ірі 10 кітап нарығына иелік етіп отырған елдер қатарына енді. Қытайдың арт-нарығы небәрі жиырма жылдың ішінде аса қарқынды түрде дамып, АҚШ-тан кейінгі екінші орынға



Суретті түсірген Самат ҚУСАЙЫНОВ.

табан тіреді. Жапониядағы баспа өнімдеріне деген сұраныс әлі де жоғары.

Жаңа леп

Еліміздегі кітап нарығының да өзіндік қалыптасу, даму мен жетілу кезеңдері бар. Интеллектуалды орта қазір виртуалды кеңістікке ойысты. Кітапсүйерлердің дені электронды кітап оқуға машықтанды. Мәтінге, ой алмасуға, пікір жазысуға жол ашқан Threads сынды желілер арқылы жаңа авторлар мен кітаптардың бағы жанды. Демек, электронды кітап нарығы – уақытша тренд емес, баспа ісі мен кітап басып шығару эволюциясының жаңа кезеңі. Электронды кітап нарығының әлденеше тиімді тұсы бар. Атап айтқанда, әуелі – оңтайлы. Екіншіден, Green Economy (жасыл экономика) стандарттарына сай. Үшіншіден, нарыққа тұяқ іліктірген Z және Millennial ұрпақтың ақпаратты жылдам әрі ыңғайлы форматта қабылдауына қажетті бәрін өтеп отыр. Заман талабына сай түрленген кітаби өнімдерде мультимедиялық интеграция сарыны басым. Мәтін, аудио, видео және интерактивті сілтемелерді кіріктіруге болатын мүмкіндіктері бар.

Электронды кітап нарығының тағы бір ерекшелігі – географиялық тұрғыда шектеу не шекара жоқ. Заманында көпке аты әйдік философ, әлеуметтанушы Пьер Бурдьё кітап нарығын зерттеп, социологиялық тұрғыдан талдау жасаған. Ғалым баспа саласын «символикалық тауарлар өндірісінің өрісі» ретінде сипаттайды. Бурдьё теориясы бойынша, кітап нарығында екі түрлі капитал күреседі. Бұл – табысқа жетуге негіз болатын экономикалық капитал (таза табыс) және бедел жинауға, интеллектуалды әлеуетінді арттыруға негіз болатын символикалық капитал. Кейінгі жылдардағы диджитал бетбұрыстар кітаптың форматын ғана емес, оның бүкіл бизнес-моделін өзгертті. Кітап өнім сипатынан шығып кетті. Қазіргі кітап өнім әрі қызмет түрі. Мұны айтып отырғанымыз, замани ақылдың кенін оқи аламыз, жазылым (subscription) жүргіземіз, құлақ түріп тыңдаймыз,

сырласамыз, қажет жерін айрықшалап, айқындап ала аламыз.

Біздіңше, қағазға таңба болып түскен ойды өз құшағына қыстырған кәнігі кітаптардың да артықшылығы көп. Қолыңа ұстап, ісін сезіп, қажет тұсыңа аялдай отырып оқи аласың. Қажет кезде парақтап, белгі қалдырған тұсыңа бажайлай зер саласың.

Кітап нарығының ең басты функциясының бірі де адам миына ұқсас. Яғни ақпарат беру, ой-идея байыту. Кітаптың материалдық формаларының өзгеруі де ақпери қоғамның ашық болуы, білім беру ісінің жетілуі, экономикалық-технологиялық инновациялардың молаюы арқасында дами түсті. The New York Times газетінің 1896 жылдан бері келе жатқан игі дәстүрі бар еді. Редакциядағылар апта сайын әртүрлі кітаптарды шолып отырады. Бірақ 2018 жылдың наурыз айынан бастап ең көп саудаға түсіп жатқан аудиокітаптарға арнаулы рецензия жариялай бастады. Бұдан шығар қорытынды, кітап тарығында аудиокітаптардың үлесі де артып жатыр.

Болашақ бағдар

Таяу арадағы онжылдықта кітап нарығы, интеллектуалды өнім келбеті «адам танымастай» құбылуы мүмкін. Қазір кәсіпқой авторлар мен білікті мамандар заманауи оқырман сұранысын қайта бағамдап жатыр. Ой саларлық, серпін берерлік, шабыт ашарлық еңбектерді жариялауға қабілетті ЖИ моделдеріне жүгіне бастады. Мұның бәрі сөре-сөре кітаптар қаланған арнаулы дүкендердің есігін тарс жауып, кітапханалардан іргенді аулақ салу деген сөз емес, әлбетте. Кітап оқу мәдениеті кезеңді эволюция жолына түсті. Audible, Amazon Kindle, Mybook, Bookmate, «Патефон», Storytel, Kitar сияқты платформалар оқырмандарды жаңа, жұмбақ бір ортаға топтады.

Kindle Unlimited, Scribd және Storytel сияқты платформалардың экономикалық моделін қарасаңыз, нарық заңына икемделіп жатқанын өзіңіз де байқайсыз. Аталған платформалар өзінің эко-

номикалық моделін оқырман уақыты мен талап-тілегіне, қаржылық әлеуетіне ыңғайлай құрады. Мысалы, қосымшалардағы қажетті функцияларды орындай отырып айына 3 кітап және 1 аудиокітап сатып ала аласыз.

Көз тимесін, қазақ жастарының арасында жарыса кітап оқу, жас авторлар мен жаңа кітаптарды ашық талқыға салу, бейтарап сыпатта сын айту, бұған дейін классикалық еңбектер санасында жүрген шығармаларға жаңа заман тұрғысынан баға беру, кейіпкерлердің іс-әрекетін айыптау не бағалау сынды үрдіс пайда болды. Сондай-ақ, сауат мәселесі, сауатты жазу, тіл мәдениеті мен сөз мәдениетінің игіліктерін сіңіру, тіке аударма таңған томпақ танымнан арылу сынды түйткілдердің де көбесі сөгіліп, жас зерттеушілердің пікірі тартыс алаңының тосын тақырыбына айналды.

«Кітап оқу – күнделікті әдетімізнен бөлек, мен үшін теңдессіз терапия. Маған кітапты парақтап, көзбен көріп, қолмен ұстап оқыған ұнайды. Тек осылай ғана жаным тынышталып, миым демалады. Ал кітапты онлайн, электронды нұсқада оқудан зейінім бөлініп, шығарманың атмосферасын толық сезіне алмаймын. Сондықтан онлайн форматқа тек іздеген кітабым қолжетімді болмаған жағдайда ғана амалсыз жүгінемін. Қазір неше түрлі кітап оқытын PocketBook секілді құрылғылар бар. Бұл арқылы да кітап оқу тиімді, бірақ кітаптың өзін оқығандай әсерді мұндай дүниелер алмастыра алмайды деп ойлаймын», – дейді кітапсүйер атанған Динара Боранбай қарындасымыз.

Кітап оқыған адамның бойында биік мәдениеттің бедері бар деп жатамыз. Бірақ бұл санатқа өзіне ғана аян нұрлы әсерге бөленген кітапсүйерді, өз табиғатын тануға ынтызар шәкіртті, жүрдек уақыттың жүрісін бұзуға қабілеті шұқшиманы қосқан дұрыс. Кітаптың өзі жаныңа сая болар кеңістік, «табиғат ішіндегі табиғат» қой.

Ұлықбек
ЕСДӘУЛЕТ, ақын:

КІТАПХАНА – БІЗ ҮШІН ҚАСИЕТТІ ОРТАЛЫҚ

Біздің жас кезімізде қазіргі ҚР Ұлттық кітапханасы Пушкин атындағы кітапхана болатын. Біз сонда таңғы сағат тоғызда келіп, кешкі тоғызда бір-ақ қайтатынбыз. Мен де осы жерде тек кітап оқып қана қоймай, болашақ жарыммен танысып, үйлендім. Қазір қарап отырсам, Әбдіжәмил ағамыз да өзінің Ажар есімді жарымен қазіргі П.Чехов атындағы кітапханада танысқан еді. Атақты «Тақиялы періште» фильмінің де дәл осы кітапханада түсірілген сюжеттері бар.

Сондықтан кітапхана – біз үшін өте үлкен, қасиетті орталық. Бұл жәй ғана білім ордасы емес, бұл ой мен парасаттың орталығы... Қазіргі әлеуметтік желілер заманында кітап оқитын адамның менталитеті де, ой-өрісі де мүлдем басқаша болады. Өз болашағын ойлайтын адам міндетті түрде кітап оқиды.

ЖАЗУШЫМЕН ЖҮЗДЕСУ

ҚАЛАМҒЕР МҰРАСЫ – ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ

Ұлттық кітап күніне орай еліміздегі барлық кітапханада ұлттық кітап апталығы басталады. Биылдан бастап бұл мерекенің маңыздылығы арта түсті. Енді елімізде «Кітапханашылар күні» кәсіби мерекесі де 23 сәуірге белгіленіп, қос мереке бір күнге тоғысып отыр. Әрі бұл күн ЮНЕСКО бекіткен Халықаралық кітап және авторлық құқық күнімен де сәйкес келеді.

Рая
ЕСКЕНДІР



нын көріп отырмыз. Кітап пен кітапханасы бар елде бақыт пен саналы орта болады, ал керісінше болса түрме мен бұзақылық көбейеді. Осы бір бұрыннан айтылып келе жатқан тәмсілдің нақты мысалдарын бүгінгі әлемнен де таба аламыз, – деді.

Кеш барысында заманауи технологиялық құралдардың дамуы жастардың кітапқа әуестігіне қалай әсер етіп жатқаны да талқыланды. Мазмұнды кездесуге қатысқан оқушылардың көзінен кітапқа деген жаңа құштарлық оянғанын байқадық.

КЕРЕК ДЕРЕК

АЛМАТЫ – КІТАП ОҚИТЫН ҚАЛА

- «Алматының Орталықтандырылған кітапхана жүйесі» қаланың әртүрлі аудандарында орналасқан 30 кітапхана-бөлімшелерінен тұрады. Осы кітапханалардың 7-еуі 24/7 режимінде жұмыс істейді.
- 2024 жылы Алматыда кітаптарды өздігінен алу үшін заманауи өзіне-өзі қызмет көрсету автоматтары орнатылды. Бүгінгі таңда қала бойынша 9 метро станциясында, сауда орталықтарында, Community Centre мен коворкингтерде барлығы – 32 өзіне-өзі қызмет көрсету аппараты жұмыс істейді.
- Көру және есту қабілеті шектеулі адамдар үшін кітап оқуды қолжетімді етуге ерекше назар аударылады. Сегіз қалалық кітапханада мәтін енгізу және компьютерді басқаруға арналған Брайль пернетақталары, арнайы экран үлкейткіштер және кітаптарды Брайль жүйесіне аударуға арналған сканерлер орнатылған. Сондай-ақ, мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін кітаптарды үйге тегін жеткізу қызметі жолға қойылған.

Іс-шараға ұйытқы болған №147 гимназиясының басшысы Роза Сұраншиева бұл кездесудің кітап пен жазушыға құрмет екенін жеткізді. Ал кеш қонағы Нағашыбек Қапалбекұлы кітапханашыларды кәсіби мерекемен құттықтап, жүрекжарды лебізін арнады:

– Кітап оқитын ұлт қалыптастырудың маңызын Мемлекет басшысы да жиі атап өтіп келеді. Қазіргі заманда интеллектуалды ұлт қалыптастырудың маңызы барған сайын айқындалып келеді. Кітапты сүйетін халықтың озып, рухани байлыққа мән бермеген елдердің соғыспен тозып жатқа-

Бұл шешім атаулы мерекенің мән-маңызын арттыра түсіп, кітапханалардың білім тарату мен мәдени мұраны сақтаудағы орны ерекше екенін айқындай түсті. Нақты дерекке сүйенсек, еліміздегі 12 мыңға жуық кітапханада 20 мыңнан астам маман еңбек етіп жатыр.

Осынау айтулы күнге орай, Алматы ауданындағы №147 гимназия шаңырағында қала мектептерінің кітапханашылары бас қосып, семинар өткізді. Семинар аясында танымал жазушы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нағашыбек Қапалбекұлымен кездесу ұйымдастырды.

«Қаламгер мұрасы – ұлт қазынасы» деп аталатын кездесу кешінде ақпараттық технология дәуірінде оқырмандарды кітап оқуға тарту, кітаптың маңыздылығын насихаттау, оқу мәдениеті мен сөйлеу мәнерін дамыту, сөздік қорды молайту тақырыптары жан-жақты қамтылды. Рухани және интеллектуалдық дамудың негізі ретінде қоғамның кітапқа деген қызығушылығын оятып, отбасылық оқу дәстүрін сақтау және жалғастыру мәселелері де қозғалды.





ОБАЕВТЫҢ ОРНЫ ОЙСЫРАП ҚАЛДЫ

Қазақ өнері қара жамылды. Өнердің тағы бір алып бәйтерегі құлады. Қазақстанның Халық әртісі, белгілі актер, театр режиссері, профессор, платиналы «Тарлан» тәуелсіз сыйлығының, «Парасат» және «Барыс» ордендерінің иегері, мемлекеттік стипендияның лауреаты Есмұхан Обаев дүниеден өтті. Алматыдағы Фаби Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры ғимаратында қаралы жұрт жиналып, сахна өнерінің абыз бапкерімен қоштасты.

Театр тарланымен қоштасуға арналған қаралы жиынға мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, шәкірттері мен марқұмның жақындары қатысты. Үкімет басшысының орынбасары, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың көңіл айту жеделхатын жұртшылыққа жеткізді.

«Есмұхан Несіпбайұлы саналы ғұмырын киелі сахнаға арнаған театр тарланы, өнегелі өнер иесі еді. Ұлт руханиятын ұлықтап, отандық драматургияның дамуына зор үлес қосты. Жауапты лауазымдарды абыроймен атқарып, мәдениет көкжиегін кеңейтуге бар күш-жігерін жұмсады», – деп жазылған жеделхатта.

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды қала тұрғындарының және жеке өз атынан марқұмның отбасы мен туыстарына, барша өнер өлкесінің қаралы қауымына қайғыға ортақ екенін жеткізіп, қоштасу сөзін оқыды:

«Ұлттық мәдениеттің дамуына сүбелі үлес қосқан ағамыздың сахналаған туындылары, қалыптастырған көркемдік ұстанымы, құнды кеңесі мен ұстаздық ұлы мұраты қашан да халқымыздың жадынан өшпейді. Жарқын бейнесі, шығармашылық мұрасы мен ғибратты ғұмыр жолы халқымыздың жадында мәңгі сақталады», – деді қала басшысы.

Есмұхан Несіпбайұлы бар саналы ғұ-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

мырын киелі сахнаға арнады. Ол болмысы бөлек, өрелі өнер иесі болды. Ұлт руханиятын ұлықтап, отандық драматургияның дамуына зор үлесін қосты. Жауапты лауазымдарды абыроймен атқарып, мәдениет көкжиегін кеңейтуге бар күш-жігерін жұмсады. Замандастары оның әңгімесі өнегеге, сөзі терең мәнге толы адам екенін, жанында жүргендер өмірге басқаша көзқарас қалыптастырып, адамдық құндылықтарды жоғары бағалауды үйренгенін мақтанышпен еске алды.

Есмұхан Обаевтың жарқын бейнесі – туған елін сүйген, халқына адал қызмет еткен азаматтың бейнесі мен артында қалған естеліктері, ізгі істері

✓ ЗИЯЛЫНЫҢ СӨЗІ

Нұрқанат ЖАҚЫПБАЕВ, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, режиссер:

Ол маған ұстаз еді...

Есмұхан Обаев – қазақ өнеріне ұшан-теңіз үлес қосқан адам. Маған ұстаз болды. Ол жәй ғана режиссер емес, эмоцияға көп берілетін режиссер болды. Қолға алған шаруаны тез бітіруге тырысатын. Әрі жаңашыл режиссер болды. Бұрын қойылып кеткен спектакльдердің өзін қайтадан түрлентіп, жаңа қырынан қоятын. Оның ерекшелігі – халықтық драматургияны өте жақсы көрді.

Нұрлан ОРАЗАЛИН, мемлекет және қоғам қайраткері:

Ұлы міндетті атқарды

Ол театрға қиын кезеңде, көрермен театрдан алыстай бастаған кезде келді. Сол кезде көрерменді қайтадан жинап алу, бұл – үлкен міндет болатын. Әуезов театрында әрі директор әрі көркемдік жетекші болған кезде осы міндетін атқарды. Бұл ұлы міндет атқарып, бүгінгі өнерді жасады. Өнердің өрісін кеңейтті. Сахна қалыптастырып, өнерге қызмет етті.

оны білетін жандардың жүрегінде мәңгі сақталады. Саналы ғұмырын ұлт өнерінің өркендеуіне арнаған айтулы тұлғаны Кеңсай зиратына жерледі.

ҰЛТТЫҢ ҮНІ, РУХТЫҢ СИМВОЛЫ ЕДІ...

Қайраткер ақын, драматург, Қазақстанның Еңбек Ері, Қазақстанның Халық жазушысы, Қырғыз Республикасының Халық ақыны Мұхтар Шаханов 84 жасқа қараған шағында дүниеден озды. Қалың қазақ «Бір дәуір көшті!» деп жоқтауда. Орынды жоқтау. Орны толмас қаза.

Мұхтар Шаханов – қазақ әдебиетіне өлшеусіз үлес қосқан биік тұлға. Ол саналы ғұмырын шығармашылыққа, ұлт руханиятына арнап, кейінгі ұрпаққа өнеге болатын мол мұра қалдырды. Шығармалары әлемнің 50-ден астам тілінде жарық көрді. Жыр-дастандарында ұлттық болмысты арқау етумен қатар, тұтас адамзаттық құндылықтарды да тереңнен толғады.

Ш.Айтматовпен бірлесіп жазған «Құз басындағы аңшының зары» атты эссе-кітабы бірнеше тілге аударылған. «Шыңғыс ханның пенделік құпиясы» драмалық туындысы негізінде Украинаның Довженко атындағы киностудиясы екі сериялы телефильм шығарған. «Уақыт бедерлері», «Зерде кітабы» жинақтары орыс тілінде жарық көрді. Тарихи әділеттілікті ту еткен, ұрпақ санасына өшпес ой салатын «Махаббат заңы», «Сенім патшалығы», «Сократты еске алу түні» драмалары республикамызда және шетел театрларында сахналанды. «Жазагер жады космоформуласы» шығармасы үшін Калифорния Ғылым, индустрия, білім және өнер академиясының А.Эйнштейн атындағы алтын медалі, Түркияның Гебзе қаласында «Түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем ақыны» сыйлығы берілді. «Нобель» сыйлығының 100 жылдығына орай Тамбов қаласында өткен «Нобель» сыйлығы лауреаттары мен орталықтарының халықаралық конгресінде «Нобель» ақпарат орталығы, «Нобель» қоры, Ресей жаратылыс ғылымдары академиясы бірлесіп бекіткен «Нобельдің Алтын медалімен» марапатталған.

Ақынның «Танакөзін» оқымаған оқырман кемде-кем

болар. Сол тұста осы шығарманың құрметіне дүние есігін енді ашып жатқан талай бөбек Танакөз есімін иеленді. Оның өлеңін жаттамаған, әндерін айтпаған қазақ жоқ. Мәтінін де, музыкасын да өзі жазған «Жұбайлар жыры», «Туған күн кешінде», «Гүл дәурен», «Мен саған ғашық едім» сынды жүрекке қона кететін жып-жылы, сыршыл да өміршең әндері әлі күнге ел аузында.

Мұхтар Шаханов – қазақ халқының, ұлттың намысын сөзбен қорғаған ұлтжанды тұлға. Ақын һәм қайраткер. Осы екі миссияны тең ұстаған Шахановтың азаматтық тұлғасына бүгінде құрметпен қарамайтын қазақ жоқ. Биік парасат пен терең ойдың иесі поэзияны азаматтық үнімен өрнектей білді. Кеңестік жүйенің қылышынан қан тамып тұрған сұрапыл саяси кезінің өзінде басын бәйгеге тігіп, мысы басым Кремльдің төрінде тұрып, «шаш ал десе, бас алатын» жүйеден де тайсалмай, Желтоқсан оқиғасының шындығын ашық мәлімдеді. Сол сөздері Желтоқсан оқиғасын қайта тергеуге жол ашып, «қазақ ұлтшылдығы» деген жалған айыптың алынуына себеп болды. Қайраткер һәм күрескер ақынның аяулы есімі Арал мен Балқашқа араша сұрау сынды ірі мәселелермен де байланысты болды. Наурыз мейрамының бұқаралық сипат алуына да мұрындық болды. Әр сөзін елді, қоғамды түзеуге, ақиқатты айтуға, әділдікті жақтауға арнады. Қазақ тілінің шынайы жанашыры болды. Иә, кейде асып та айтты, тасып та айтты. Себебі, артында тұрған қалың жұртшылығына арқа сүйеді. Сол адуынды мінезі арқылы еліне деген алғаусыз перзенттік көңілін жеткізе білді.

Иә, қоғамдағы күрделі мәселелерге бей-жай қарамай, ел мен жер тағдырына қатысты өткір де өжет ой айтып, шындықтың туын биік ұстай білді. Өзі айтқан «Сенім сауытындай» мықты, «Махаббат мұнарасындай» биік болды.

«Құдайым әр ақынға өз ұлтына осы Мұхтар Шахановтай еңбек етуді жазсын» деген пікір айтқан екен американдық ақын Джон Эшбери бір кездері. Бұл – қазақ ұлының ұлттық мүддені қорғаудағы табандылығы, батылдығы мен прин-



ципшілдігіне берілген ең жоғары баға деп білеміз. Қазақ халқының ғана емес, күллі адамзатқа ортақ тұлға, қайталанбас талант иесі, нағыз ұлт жанашыры – Шаханов шығармашылығы мен азаматтық ұстанымы келер ұрпаққа үлгі болары сөзсіз. Ол – шын мәнінде, уақыттан озған тұлға. Ол – ұлттың үні, рухтың символы. Қазақ әдебиетіндегі алыптар шоғырының ұшар басында тұрған қайраткердің асыл бейнесі ел жадында мәңгілік сақталады. Оның отты жырлары өскелең ұрпақты жасампаздыққа тәрбиелеп, қаламды серік еткен буынды қанаттандыра, шабыттандыра бермек. Ғұмырдариядағы адамдық, ақындық, күрескерлік миссиясын толық атқарып кеткен аңыз тұлғаның асыл мұрасы мен биік рухы өзі риясыз сүйген қазағымен бірге мәңгі жасайтыны сөзсіз. Ақын өлмейді, ол мәңгілік мекеніне көшіп барады.

Бақұл болыңыз, абыз ақын!
Отбасына, ағайын-жұртына, барша қазақ еліне қайғы-рып, көңіл айтамыз.

Ақынмен қоштасу рәсімі Алматы қаласында бүгін, 21 сәуір күні сағат 09:00-де Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрында өтеді.



ТАЛАПКЕР

**ҰБТ-да
үлкен өзгеріс:**

енді бір рет қана тапсырасыз

(Басы 1-бетте)

«Қазіргі таңда білім беру саласы тек білім берумен шектелмей, нақты дағдыларды меңгерген, еңбек нарығына бейімделген мамандарды даярлауға бағытталуы тиіс. Бұл – сапалы жаңа кезеңге көшу», – деді Аида Балаева.

Осыған байланысты талапкерлерді іріктеу жүйесінде, әсіресе, педагогикалық мамандықтарға қабылдау кезінде жаңа тәсілдер енгізілмек. Атап айтқанда, тестілеумен қатар арнайы емтихандарды қамтитын гибридіті бағалау формасы қолданылады. Бұл тәсіл талапкерлердің тек пәндік білімін ғана емес, сонымен бірге сыни ойлау, талдау және коммуникациялық дағдыларын бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, келесі жылдан бастап педагогикалық бағыттарға түсу кезінде ҰБТ нәтижелерімен қатар ауызша емтихандар да ескерілмек. Бұл емтихандарда талапкерлердің оқуға дайындығы мен кәсіби бейімділігіне ерекше назар аударылады.

Министр сондай-ақ, ҰБТ-ны бір рет тапсыру форматына көшіру ұсынылып отырғанын атап өтті. Оның сөзінше, бұл шешім грант конкурсына қатысу кезінде әділ әрі объективті бағалауды қамтамасыз етуге бағытталған. Ал талапкерлердің дайындық деңгейін тексеру үшін сынақ тестілеу жүйесі сақталады. Бұдан бөлек, жоғары оқу орындарына Foundation бағдарламалары арқылы шартты қабылдау тәжірибесінен бас тарту жоспарланып отыр. Себебі, мұндай жүйемен қабылданған студенттердің едәуір бөлігі оқу барысында қажетті шекті баллды жинай алмайды.

«ҰБТ жүйесін өзгерту – тестілеуден бас тарту емес. Бұл – дарынды талапкерлерді анықтап, әділ іріктеуге бағытталған маңызды қадам», – деп қорытындылады Аида Балаева.

Жалпы, ұсынылып отырған өзгерістер білім беру сапасын арттырып, елдің ұзақ мерзімді дамуына негіз болады деп күтілуде.

КӘСІПТІК БІЛІМ

ШЕБЕРЛІК ШЫҢҒА ЖЕТКІЗЕР

Алматылық студенттер республикалық байқауға дайындалып жатыр

Алматы қаласының Білім басқармасы мегаполистің үш жетекші колледжімен бірлесіп, Астанада өтетін WorldSkills Kazakhstan-2026 республикалық чемпионатына дайындық жұмыстарын таныстырды.

Досбол
АТАЖАН

Іс-шара барысында биыл наурыз айында өткен өңірлік WorldSkills байқауының жеңімпаздары шыққан колледждердің заманауи білім беру технологиялары көрсетілді. Оның ішінде «Сандық бағдарламалық басқару (CNC) станоктарындағы фрезерлік жұмыстар», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) желілерінің инфрақұрылымы» және «Бастауыш сыныптарда оқыту» құзыреттері бойынша студенттерді даярлау процесін көрсетті. Аталған оқу орындары қазір техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің беделін арттыруға, сондай-ақ цифрландыру мен инновацияларды енгізу бағытына сәйкес қала және ел экономикасы үшін кадрлар даярлауға назар аударып отыр.

– WorldSkills өңірлік кезеңі жеңімпаздарын республикалық чемпионатқа дайындау – тек кәсіби дағдыларды жетілдіру ғана емес. Бұл – қаланың адами капиталына бағытталған стратегиялық инвестиция. Бүгінде колледж студенттерінің ең заманауи құзыреттерді меңгеріп жатқанын көріп отырмыз. Бұл Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған Цифрландыру және жасанды интеллект жылының міндеттерімен тікелей үндеседі, – деді Білім басқармасының стратегия және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы Ерік Әбішев.

Сонымен қатар, ол қалалық байқаудың жеңімпаздары 2026 жылдың күзінде Астана қаласына аттанып, республикалық



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

байқауға қатысатынын атап өтті. Өз құзыреті бойынша Қазақстан ішінде топ жарған алматылықтар биыл Шанхайда өтетін дүниежүзілік WorldSkills байқауына қатысуға жолдама алады.

«Сандық бағдарламалық басқаруы бар станоктарындағы токарлық жұмыстар» және «Сандық бағдарламалық басқаруы бар станоктарындағы фрезерлік жұмыстар» құзыреттері бойынша өңірлік чемпионат жеңімпазы – Алматы жолаушылар көлігі және технологиялар колледжі болды. Қазір оқу орнының базасында көлік, машина жасау және энергетика салалары бойынша 6 мамандықта оқыту жүргізіледі, барлығы 1118 тәлімгер бар. Колледж директоры Сейтбек Сүлейменовтің айтуынша, оқу орны «Алматыэлектротранс» компаниясымен байланыс орнатқан. Соның арқасында студенттер тек теориялық білім алмай, Түркістан ауданындағы автопарктерде өндірістік тәжірибеден өтеді.

Өңірлік байқауда жоғары нәтиже көрсеткен оқу орындарының қатарында №1 Алматы қазақ гуманитарлық-педагогика-

лық колледжі бар. «Бастауыш сыныптарда оқыту» құзыреті бойынша осы оқу орнының студенті жеңіске жетті. 1978 жылдан бастау алатын колледж бүгінде 4К моделін дамытуға басымдық береді. Оның ішінде: креативтілік, сыни ойлау, коммуникация және командалық жұмыс бар. Колледж директоры Мағишат Мендғазиева білікті мамандарды дайындауда осы талаптардың маңызды екенін айтты.

Алматы қаласының Білім басқармасы өкілдерінің айтуынша, бұл жетістіктер Алматы қаласының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің алдыңғы қатарда екенін айқындайды. Түлектердің жұмыспен қамтылу деңгейінің жоғары болуы (шамамен, 97,8%), заманауи материалдық-техникалық база және жұмыс берушілермен тығыз байланыс бәсекеге қабілетті кадрлар даярлауға мүмкіндік береді. WorldSkills чемпионаттарына қатысу, қарқынды ғылыми қызмет және экономиканың сұранысына бағдарлану Алматы колледждерін жоғары білікті мамандар даярлайтын орталыққа айналдырып отыр.

СЕМИНАР



Бостандық ауданындағы әл-Фараби атындағы №145 мектеп-гимназия базасында Ясауи іліміне арналған семинар өтті. «Ясауи ілімі – рухани мәдениеттің қайнар көзі» атты аудандық семинарға «АМАНАТ» партиясы Бостандық аудандық филиалының, Бостандық ауданы Білім бөлімінің өкілдері, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессорлары, әдебиеттанушы ғалымдар, сондай-ақ, аудандағы әдіскерлер мен мектеп оқытушылары қатысты.

Рухани ілім жаңғырығы

Ұстаздар мен ғалымдар Ясауи мұрасын талқылады

ҚазҰУ профессоры Орынай Жұбай, PhD доктор Жанат Сәрсенбай және СДУ оқытушысы, әдебиеттанушы-ғалым Ақбота Абиыр қатарлы зерттеушілер Ясауи мұрасына қатысты ғылыми баяндама жасады. Мектеп-гимназия мұғалімдері Шолпан Аманбаева мен Балауса Елшібай әдістемелік баяндамалар оқып, өз тәжірибелерімен ортаға салды. Аудандағы білім беру мекемелерінің қазақ тілі мен әдебиеті және тарих пәндерінен беретін 30-дан астам мұғалім семинарға қатысып, өзара пікір алмасты.

№145 мектеп-гимназиясының директоры Нұрғали Нұрадинов Ясауи ілімінің рухани мәні мен оның бүгінгі жас ұрпақ тәрбиесіндегі орны ерекше екеніне баса тоқталды. Мектеп оқышылары семинар барысында рухты әндер шырқап, концерттік нөмірлерін ұсынды. Әрі Ясауи хикметтерін оқып, театрландырылған қойылым қойды, сол арқылы өздерінің рухани мәдени құндылықтарды бойына сіңіргендерін көрсетті.

Аталған семинар «Ясауи ілімі» идеясын жандандырып қана қоймай, Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекіткен кешенді жоспарымен де астасты. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен бекітілген 2026–2028 жылдарға арналған «Қожа Ахмет Ясауи мұрасын ілгерілету және насихаттау» іс-шаралар жоспарына сәйкес, ұлы



ойшыл мұрасын насихаттау мақсатында 37 нақты іс-шара қарастырылған. Бұл іс-шара да – аталған жоспардың іске асырылып жатқанының айқын көрінісі.

«Ясауи ілімі – рухани мәдениеттің қайнар көзі» тақырыбындағы бұл аудандық семинар ұлттық руханиятты жаңғырту жолындағы маңызды қадамдардың бірі болды. Іс-шара барысында айтылған ғылыми-тұжырымдар мен әдістемелік тәжірибелер Қожа Ахмет Ясауи мұрасының тереңдігін тағы бір мәрте айқындап, оның қазіргі білім беру үдерісіндегі өзектілігін дәлелдеді.

Семинар тек пікір алмасу алаңы ғана емес, сонымен қатар ұстаздардың кәсіби дамуына серпін беретін, жас ұрпаққа рухани құндылықтарды сіңірудің тиімді жолдарын көрсететін мазмұнды басқосу болды. Оқышылардың өнері мен ұстаздардың ізденісі үндесіп, ұлттық болмыс пен рухани сабақтастықтың жарқын көрінісін танытты.

**Айдос Мұратұлы ТАБИЕВ,
Әлішер Арманұлы МҰРАТБАЕВ,
әл-Фараби атындағы №145
мектеп-гимназия директорының
оқу ісі жөніндегі орынбасарлары**



«ШАЛҚАР» РАДИОСЫ – 60

Қазақ мәдениеті мен руханиятының үнжария-сына айналған «Шалқарға» 60 жыл толды. Ол дәстүр мен заманауи медианы ұштастырып отырған радио. Радио ғана емес, қазақтың үнін тыңдарманға жеткізетін мәдени институт десек, қателеспейміз. Ұлттың үнбайрағын биікке көтеріп жүрген радиожурналистер арасында ҚР «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, ҚР мәдениет қайраткері, ҚР Журналистер одағы сыйлығының лауреаты Гүлбану АЛПАМЫСҚЫЗЫНЫҢ да еңбегі өлшеусіз. Оның радио әлемінде жүргеніне – 30 жыл.



«АҚШАМНЫҢ» АНЫҚТАМАСЫ:

**ҚР мәдениет қайраткері
Гүлбану АЛПАМЫСҚЫЗЫ**

- 1996–1998 жылдары Қазақ радиосының «Жастар және балалар» редакциясында аға редактор; 1998 жылдан «Қайырлы таң» бағдарламасының тұрақты жүргізушісі болған. «Денсаулық» хабарын ашқан, қазір редакторы әрі жүргізушісі.
- «Сәлеметсің бе, жас толқын!», балаларға арналған «Балауса», «Адам құқы», т.б. хабарларының авторы.
- Жұма сайын жүретін екі сағаттық «Менің Қазақстаным» хабарлар топтамасының жауапты редакторы болды. «Заң және қоғам», «Үкілі үміт» хабарларын тұрақты жүргізді.
- «Шалқардан» «Алматы түні» бағдарламасын әр бейсенбіде дайындап, эфирге шығарды. Бүгінде әр сейсенбі тікелей эфирде «Түскі әуен» ақпаратты-сазды, танымдық бағдарламасының тізгіншісі. Ал сәрсенбіде «Жәдігер» хабарын дайындайды.

Әуе толқынындағы қоңыр үн

Нұржамал
ӘЛІШ**Әженің әлдіі**

...Әкесі Алпамыс қарапайым жұмысшы болғанымен, кітапты көп оқитын. Ауыл кітапханасында оқымаған кітабы қалмаған соң, ауданнан тапсырыспен алдыртытын. Анасы бастауышқа сабақ берді. Үйге газет-журналды көптеп жаздырып алып отыратын. Олардың ішінде «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан»), «Балдырған» мен «Пионер» (кейін «Ақ желкен» болды) журналдары міндетті түрде болатын.

Үйдің тұңғышы, әжесінің бауырында өскен қыз аңыз-әңгіме, ертегілерді көп тыңдайтын. Соның да әсері болды ма, 3-сыныптан бастап «Балдырғанның» соңғы бетіндегі суреттерге өз бетінше әңгіме құрастырып жаза бастады. Уақыт өте келе мектепте болып жатқан іс-шараларды бүге-шігесіне дейін жазып, газетке жолдайтын болды. Жарияланса, бәріне мақтана-тын. Ал 7-сыныптан журналист боламын деп, жазуды қолға алды. Аудандық, облыстық газеттерден бастап, сол кездегі «Жас Алаш», «Мәдениет және тұрмыс» (кейін «Парасат» болды), «Қазақ әдебиеті», «Дружные ребята», Ресейден шығатын «Пионерская правда» газетіне де мақала жолдайтын.

Қаламды серік ете бастағанын байқаған әкесі оны Алматыдағы Республикалық қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын №2 мектеп-интернатқа (Абай атындағы дарынды балалар мектебі) алып келді.

Радиоға әкелген жол

Ауылда бес сомдық радио ас бөлмеде үнемі саңқылдап тұратын. Ерден атайдың ертегілерін тыңдап, Жұмбақбай атайдың жұмбақтарын шешіп, хатқа түсіріп, поштаға салып жіберетін.

1991 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Журналистика факультетіне түсіп, радиожурналист мамандығы бойынша бітіріп, сол жылы Республикалық Қазақ радиосына аға редактор қызметіне қабылданды.

Радиодағы тікелей ұстазы Қымбат Әбілдақызына алғысы шексіз. Сол кездегі салмағы ап-ауыр «R-7» репортёрін қалай пайдалану керектігінен бастап, үйреткені көп болды. Балабақша, мектептерге бірге ертіп апарып, баламен қалай сөйлесу қажет, қандай сұрақ қою керектігіне дейін түсіндіретін.

Режиссерлер Ақбол Өмірзаққызы мен Болат Түлкібаевтың да жастарға үйреткені көп. Кейде сөйлеу барысында дыбыс дұрыс шықпаса, үндестік заңына мән бермей сөйлей қалса, орта жолдан тоқтатып қойып, дұрыс сөйлемейінше қайталата беретін.

Жанкешті жылдар

Ең алғаш тікелей эфирге қол-аяғы дірілдеп шыққаны да әлі есінде. Бөлім басшысы Бақыт Досымов қаңтардың басында тікелей эфирге шығасың деді. Қатты жүрексізді. Сөйтіп, Жаңа жылды ұйқысыз қарсы алды. Сонымен, журналист-жазушы «Санат» баспасының директоры Серік Әбдірайымұлымен сұхбаты сәтті шықты. Кейіннен Серік аға Қазақстанның Халық Қаһарманы Нұрғиса Тілендиевтің «Алатау» шипажайында ем алып жатқан жеріне ертіп апарды. Гүлбанудың қолында өзінен үлкен дәу репортер. Бір жарым, екі сағатқа дейін сұхбат алды. Микрофон ұстаған нәзік білегінің талғанына қарамастан, соңына дейін жазып алып, оны таспаға түсіріп, көлемді хабар жасады қаршадай қыз. Кейіннен

Серік Әбдірайымұлы қоғам қайраткері Асанбай Асқар ровты студияға шақырып, тағы да бір сағатқа жуық сұхбат алды.

Хабар эфирге шықты, бірақ өкінішке орай, сол таспаны кейіннен таппай қалды. Ол жылдары қазіргідей компьютер жок, кезекке тұрып жазғандарын машинкаға тергізетін. Ал қазір барлық жағдай жасалған, әрқайсысында бір-бір компьютер, өздері сұхбат алып, өздері таспаға түсіреді. Өздері монтаждайды. Бұрынғыдай дикторға оқыту деген жок, өз жазғандарын өздері оқып, саунд операторға тас-түйін дайындап, тек хабарды жинауға барады. Ал кезінде сұхбатты репортермен жазып келетін, операторға барып, оны бабинаға көшіретін. Артық сөздерін бірге отырып алып, қайшымен қиып, желіммен жапсыратын. Кейін бір таспадан келесі таспаға магнитті түрде көшіретін. Міне, кейінгі толқын осының бірін де көрмеді.

Ағалардың алақаны

Еліміздің өнер, білім, әдебиет, мәдениет, спорт саласында ізі, қолтаңбасы қалған талай тұлғамен сұхбаттасқан сәттері де әлі күнге жадында сайрап тұр.

Бірде журфактағы ұстазы, сатира сардары Темірбек Қожакеевті Күлкі күніне орай тікелей эфирге шақырды. Оқытушысы айналдырған жарты сағатқа ара терге түскені есінде. Эфирден шыққан соң: «Әй, қу қыз, оқуда жүргендегі есенді қайтардың ба?», – дегені бар-ды. «Ағай, сіз мыңдаған студенттің алдында сөйлеп жүрсіз ғой», – дегенінде, «Мына қара микрофонның мысы басады екен» деп езу тартқан еді аяулы ұстазы.

Тікелей эфирге грек-рим күресінің палуаны, қазақтан шыққан тұңғыш чем-

пион Жақсылық Үшкемпіровтей тұлғаны шақырған сәті де есінде. Чемпионға бір апта бұрын хабарласып, 50 минуттық «Қазақ спорты» хабарына шақырып, күні мен уақытын келісіп алды. Алдын ала сұрақтарын да жұптап қойды. Эфир кешкі тоғызда. Гүлбану түстен кейін кейіпкерінің есіне салып қояйын деп қоңырау шалса Жақсылық Үшкемпіров «есімнен шығып кетіпті, мен Шуда жүрмін» деген ғой. «Аға, бұл тікелей эфир, кестеде сіз тұрсыз. Эфирге шықпасақ, мен сөгіс аламын!», – деп шырылдап қоя берді жас журналист. Сонда Жақсылық Үшкемпіров ұшып отырып көлікпен Шудан Алматыға эфирге бес-он минут қалғанда жеткен ғой. Міне, адамгершілік, биіктік! Гүлбану Алпамысқызы адами құндылықты әркез жоғары қоятын осындай кейіпкерлеріне қарап бойын, ойын түзеуді ешқашан ұмытпады. Ол өзінің кейіпкерлерімен бірге есейді, биіктеді.

Радиожурналистика – көзге көрінбейтін, бірақ мың сан жүрекке жететін өнер. Гүлбану Алпамысқызы осы өнердің қыр-сырын терең меңгерген маман. Оның дауысы тыңдармандарына етене таныс, ал жүргізген хабарлары – сананың сүзгісінен өткен сапалы дүниелер. Гүлбану Алпамысқызының тап-таза қоңыр үні әлі талай тыңдарманының жүрегіне жол табары анық. Ол – асыл жар, төрт баланың аяулы анасы, екі немеренің әдемі әжесі.

ТӘРБИЕ – ТАЛБЕСІКТЕН

**ЖАС ЖҰЛДЫЗДАР ЖАРҚЫРАҒАН КҮН**Рая
ЕСКЕНДІР

айтылды. Бұл күні де «Шолпан жұлдыздары» би ұжымының өнері көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді.

Мереке тек концерттік бағдарлама аясымен шектелмей, көпқырлы мазмұнға ие болды. Ұлттық ойындар, театрландырылған қойылымдар, музыкалық және би нөмірлері, сондай-ақ экологиялық тәрбиеге қатысты бағыттар бір алаңда тоғысты. Қазақша күрес, арқан тарту, тоғызқұмалақ, асық ату секілді ойындар қатысушылардың қызығушылығын арттырды. Ал 50 оқушыдан құралған домбырашылар ансамблінің өнері кештің ең әсерлі сәттерінің біріне айналды.

Іс-шараға қатысқан ардагерлер мен ата-аналар да өз пікірлерін білдіріп, мұндай бастамалардың тәрбиелік мәніне ерекше

тоқталды. Ақсақалдар білім мен тәрбиенің қатар жүруі керектігін атап өтіп, мектеп ұжымына ақ батасын берді.

Мектеп басшылығы бастамашы болған мереке тек бір ғана мәдени іс-шара емес, тәрбиелік және қоғамдық маңызы бар кешенді алаң ретінде көрсетуге мүмкіндік берді. Жалпы, бұл Наурыз мерекесі дәстүр мен заманауи үрдістерді ұштастырған, оқушылардың шығармашылық әлеуетін ашуға бағытталған кешенді алаң ретінде ерекшеленді. Негізгі сахна толықтай оқушыларға беріліп, олардың өнері мен бастамаларына кең мүмкіндік жасалды.

Осылайша төңіректі нұрға бөлеген Наурыз мерекесінде талай жас өнерпаздардың тұсауы кесіліп, үлкен сахнаға бастаған алғашқы қадамына айналды.

Наурызбай ауданындағы №206 мектеп-гимназиясында Наурыз мерекесі бұл жолы ерекше форматта өтті. Мектеп ауласы бір сәтке қазақы ауылдың көрінісін елестетіп, әр сынып ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты заманауи үлгіде жаңғыртты. Ұлттық киім киген оқушылар мен ұстаздар мерекенің көркін ашып, іс-шара мектеп ұжымының символикалық көшкеруінен басталды.



«Almaty aqshamy» газетіне жазылыңыз!

2026 жылға басылымға жазылу науқаны жалғасып жатыр

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503	15503	95503
Жеке жазылушылар үшін:	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін:	Зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін:
1 айға – 835,96 теңге.	1 айға – 1431,83 (қала), 1035,96 (ауыл) теңге.	1 айға – 615,96 теңге.
3 айға – 2507,88 теңге.	3 айға – 4295,49 (қала), 3107,88 (ауыл) теңге.	3 айға – 1847,88 теңге.
6 айға – 5015,76 теңге.	6 айға – 8590,98 (қала), 6215,76 (ауыл) теңге.	6 айға – 3695,76 теңге.
8 айға – 6687,68 теңге.	8 айға – 11454,64 (қала), 8287,68 (ауыл) теңге.	8 айға – 4927,68 теңге.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн-режимде рәсімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі.

Қызмет 24/7 қолжетімді.

МЕРЕКЕЛІК КЕШ

Тұрғындарды біріктірген шаңырақ



Көктем мерекесін Түркісіб Кауданындағы №211 мектеп-гимназия ұжымы тың форматта атап өтті. «Атадан қалған асыл сөз, әжеден қалған ізгі жол» деп аталған мерекелік іс-шара ұлттық рухты жандандырып, құндылықтарымызбен қауыштырды.

Жыл санап абаттанып келе жатқан «Қайрат» ықшамауданындағы көпқабатты үйлердің дені жас отбасыларға мемлекеттік бағдарлама аясында берілген. Сондықтан білім шаңырағы ықшамаудан тұрғындары үшін мәдениет пен руханият ордасына айналып отыр. Осы ретте ұлттық нәрді жас ұрпақ бойына сіңіріп отырған мектеп ұжымының еңбегі ерекше екенін айтып өткен орында.

Наурыз – күн мен түн теңеліп, табиғат жаңарып, тіршілік түлейтін ерекше мейрам. Жаңару мерекесі мектеп ауласына көш керуеннің келуімен басталды. Түйе үстіне жай-ғасқан әжелер, жүйрік атқа мініп, құмай тазы ерткен батырлар бейне ертегілер елінен келгендей әсер сыйлады. Ұлттың бекзат болмысымен қауыштырған көрініске риза болған ықшамаудан тұрғындары мен қонақтар бір серпіліп қалды. Енді бірде ақ жаулықты әжелер қадамын қаз-қаз басқан сәбидің тұсауын кесіп, дүниеге жаңа келген нәрестені бесікке бөледі. Мереке аясында орын алған боямасыз

көріністер кезегімен көпшіліктің көз алдында тізбектеліп өтіп жатты.

Тағы бірде жиналған жұрт бейбіт өмірді бейнелеген қазақы ауыл тіршілігіне куә болды. Ал ұлттық ойындар мерекелік іс-шараның көркін қыздыра түсті. Онда қазақтың дәстүрлі қолөнерін насихаттау айрықша мақсат етілген. Мысалы, қамшы өру ойынында қатысушылар шеберлік пен қатар эстетикалық талғамдарын, осымен бір уақытта қолдарының қарымын да аңғартты. Ұлтымыздың осынау ұлық ойыны жастарды қолөнерге, сабырлыққа, шеберлікке баулыды. Мектеп атаналары мен қонақтар ұйымшылдыққа ұйытқы болған білім ұясының басшысы Айжан Тойбекқызына риза болды.

Мектеп тек білім беру орны емес, мәдени орта екенін көрсетеді. Ықшамаудан тұрғындары ақ дастархан басында бас қосып, жеті түрлі дәмнен құралған наурыз көжеден дәм татты. Ағаш отырғызып, бұлақ көзін ашып, айналаны тазартып, жаңа өмірге қадам басты. Мерекелік іс-шараларға ата-аналар да айрықша белсенділік танытты. Осыдан да білім беру ұжымының ата-аналармен тығыз байланысы анық аңғарылды. Ал мұғалімдердің қатысуымен қойылған «Жар-жар» көрінісі ерекше назар аударды. Осылайша №211 мектеп-гимназиясындағы Наурыз думаны жәй ғана тек мереке емес, ұлттық дәстүрді қазіргі форматта жеткізудің бір мысалы ретінде есте қалды.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын лауазымды адамдардың шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шағымдарды қарау нәтижелері

Қазіргі таңда қылмыстық іс жүргізу саласындағы ашықтық пен жариялылыққа деген сұраныс айтарлықтай артты. Бұл – қоғамның құқықтық санасының өсуі мен азаматтардың әділдікке деген талабының айқын көрінісі. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын лауазымды адамдардың шешімдері мен әрекеттері (әрекетсіздігі), сондай-ақ сол әрекеттерге қатысты шағымдарды қарау нәтижелері туралы материалдарды жариялау – мемлекеттік органдардың ашық жұмыс істеуінің маңызды көрсеткіші болып табылады.

Мұндай жария, ең алдымен, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған. Егер азамат қылмыстық іс жүргізу барысында өзінің құқығы бұзылды деп есептесе, ол уәкілетті органдарға шағымдана алады. Ал бұл шағымдардың қалай қаралатыны және нәтижесінде қандай шаралар қабылданатыны туралы мәлімет ашық болуы қоғам үшін аса маңызды.

Бүгінде құқық қорғау және қадағалау органдары өз қызметінің нәтижелерін тұрақты түрде жариялап келеді. Жұмыстың оң нәтижелері, қадағалау қызметінің қорытындылары мен статистикалық деректері, бұқаралық ақпарат құралдары, ресми сайттар және әлеуметтік желілер арқылы көпшілікке жеткізіледі. Бұл қадам мемлекеттік органдардың есептілігін арттырып, қоғам тарапынан олардың қызметін бақылауға мүмкіндік береді.

Мысалы, прокурорлық қадағалау органдары азаматтардан келіп түскен шағымдар мен өтініштерді қарау нәтижелері туралы ақпаратты уақытылы ұсынып отырады. Мұндай есептерде тек жалпы статистика ғана емес, сонымен қатар оң өзгерістер байқалады. Атап айтқанда, заңсыз қылмыстық қудалау фактілерінің азаюы, азаматтардың құқықтарының қалпына келтірілуі немесе тергеу сапасының жақсаруы байқалады.

Бұл тәсіл қоғам мен билік арасындағы сенімді арттырып қана қоймай, лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін күшейтеді. Ашықтық пен жариялылық қағидаттарын сақтау – сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың, әділдік пен заң үстемдігін қамтамасыз етудің тиімді жолы. Сонымен қатар, бұл құқық қорғау органдарының қызметін жетілдіруге, олардың жұмысына объективті баға беруге мүмкіндік туғызады.

Қоғамның белсенділігі де маңызды рөл атқарады. Азаматтар өз құқықтарын білуі және қажет болған жағдайда заңды түрде қорғай алуы тиіс. Осы тұрғыда Бұқаралық ақпарат құралдары мен қоғамдық ұйымдардың ақпараттық-түсіндіру жұмысы үлкен маңызға ие. Тәртіп сақшылары мен прокуратура қызметінің ашықтығы туралы материалдарды жариялау – халықтың құқықтық мәдениетін арттырудың маңызды тетігі.

Қорытындылай келе, қылмыстық іс жүргізу саласындағы ашықтық – бұл тек ақпарат тарату емес, ол әділдік пен сенімге негізделген қоғам құру жолындағы маңызды қадам. Лауазымды адамдардың шешімдері мен әрекеттері туралы деректердің жариялануы, қадағалау қызметінің нәтижелерін ашық көрсету – Қазақстанның құқықтық мемлекет ретінде дамуын қамтамасыз ететін басты бағыттардың бірі.

ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті.

#заңжәнетәртіп



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел.: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел.: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира САЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**
тел.: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел.: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 293-52-43.

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІП

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА
тел.: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел.: 293-08-25

8 707 948 73 78

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.
Нөмірдің таралымы –
10 252 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор –
Нұржамал ӘЛІШ

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ17VPY00085956
күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



ИНКЛЮЗИЯ

МҰЗ ҮСТІНДЕГІ

мейірім

Алматыда Students on Ice 2026 жобасының финалы өтті



Суреттері түсіріп: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматыда Students on Ice 2026 білім беру жобасының үшінші маусымының финалы өтті. Ұйымдастырушылар қоғамда инклюзия мәдениетін қалыптастырып, ерекше жандардың өміріндегі қиындықтарды көрсету арқылы адамдарды бір-біріне түсіністікпен қарауға шақыруды мақсат еткен.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Students on Ice жобасы бірнеше жылдан бері жүзеге асырылып келеді. Биылғы маусымның басты ерекшелігі – инклюзия тақырыбының кеңінен қамтылуы. Аталған бастама арқылы қатысушылар ғана емес, көрермендер де ерекше жандардың өміріне өзгеше көзқараспен қарауға

мүмкіндік алды. Қазақстанның түрлі жоғары оқу орындарынан келген шамамен, 20 студент қатысты. Олардың дайындығы да оңай болмаған. Бірнеше ай бойы үздіксіз жаттығып, техникалық шеберлікпен қатар көтерілген тақырыптардың мазмұнын терең түсінуге күш салған.

Іс-шара аясында алматылық студенттер бес ай бойы жұптық мәнерлеп сырғанау бойынша дайындықтан өтті. Сонымен қатар, олар әлеуметтік тақырыптарға те-

рең үңіліп, инклюзия мәселесін жан-жақты зерттеді. Бүгінгі финалдық қойылым осы ұзақ дайындықтың қорытындысы болды. Қозғалыс арқылы қатысушылар ерекше жандардың өміріндегі қиындықтарды көркем түрде жеткізді.

Students on Ice жобасының баспасөз жұмысына жауапты Эльмира Марижан осы жолғы маусымның мазмұны ерекше әлеуметтік тақырыптарды қамтығанын атап өтті.

«Биылғы жобаның тақырыбы – «Ерекше баланың көзімен қарағандағы әлем». Әр жұп әртүрлі тақырыпты таңдады: бірі аутизм мәселесін көтерсе, енді біреулер ауыр сырқаттар мен есту қабілетіне қатысты ерекшеліктерді мұз айдынында көрсетуге тырысты. Осы арқылы олар ерекше жандардың өмірінде кездесетін қиындықтарды өнер тілінде жеткізуге тырысты, – деді ол.

Оның айтуынша, бұл бастама жастарды біріктіріп қана қоймай, қоғамдағы өзекті мәселелерге назар аударуға мүмкіндік береді. Қордың негізгі мақсаты – қоғамға инклюзия мәселесінің қаншалықты маңызды екенін көрсету.

«Бүгінгі таңда бұл тақырып Қазақстанда өте өзекті. Біз бір-бірімізді құрметтеуді, бағалауды үйренуіміз керек. Өнер арқылы адамдарға әлемнің әртүрлі екенін көрсеткіміз келеді. Қандай қиындық болса да, бір-бірімізді қолдау арқылы оны еңсеруге болатынын жеткізгіміз келеді», – деді Эльмира Марижан.

Айта кететін жәйт, іс-шарадан түскен қаражат қайырымдылық қорларына жұмсалады. Көрермен дауыс беру арқылы қаражаттың қай қорға жіберілетінін өздері анықтайды.

ЖАСЫЛ ҚАЛА

АЛМАТЫДА САКУРА ГҮЛДЕП ТҰР



Осыдан біраз уақыт бұрын жапон елінен келген делегация білімнің қара шаңырағы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Фараби кітапханасы» аумағына сакура ағашын әкеліп отырғызған еді. Оған өзіміз де куә болғанбыз. Міне, сол ағаш екі елдің достығының дәнекері ретінде жайқалып өсіп келеді. Дәл қазір оның нәзік қызғылт гүлдері кампусқа ерекше сән беріп тұр.

Рая
ЕСКЕНДІР

Жыл сайын көктемнің осы мезгілінде әлем жұртшылығы әр түкпірден Жапонияға ағылады. Ондағы мақсаты – әлемге сұлулығымен танылған сакура ағашының гүл ашқанын көру. Табиғаттың ғажайып сыйы саналатын бұл ағаш көктем мезгілінің келуін білдірсе, жапон халқының мәдениетімен де тығыз байланысты. Ал оның гүлдеген сәтін көрген адам қуанышқа бөленеді деген ұғым бар.

Күншығыс елінде сакральді мәнге ие сакураның гүл ашып тұратын кезі де ұзаққа созылмайды. Мұны өздері әлемнің жаратылу уақытымен, әдемі сәттердің ауысуымен байланыстырады. Сондықтан болар, осынау құдіретті гүл адамдарға мына өмірдің әр сәтін бағалауды ұғындыратындай. Түнде ғана гүл жаратын ағаштың тағы бір ерекшелігі, гүлдеген кезінде түсініксіз бір дауыс қоса естілетін көрінеді. Жапон халқы сакураның жапырақтарын косметология мен парфюмерияға, тіпті

тағамға да қолданатын көрінеді. Жапон әйелдерінің сұлулығының сыры да осы гүлмен байланыстырылып жатады. Сенсеңіз, осы ғажайып сакура жапон экономикасына орасан зор пайда әкеледі.

Ал алматылықтар үшін сакураның гүлдеген сәтін көру үшін алыс елге аттанудың керегі жоқ. Қазір сакура шаһарымыздың да бірқатар орындарында гүлдеп жатыр. Мәселен, «Ғылым ордасында» «Сәтпаев сакурасы» жайқалып тұрса, «Самал» ықшамауданында бұл ағаштың қатары көбейіп түскен.

Бұл күнде ҚазҰУ қалашығындағы жапон сакурасынан өзге «Ағаштар аллеясы», «Жастар саябағы» және «Ғалымдар бағы» жасыл желекке оранып, құлпыра түскен. Кампус аумағында 400-ден астам алма, 50-ге жуық шие, 30-ға тарта өрік, сондай-ақ алхоры, алмұрт және өзге де жеміс ағаштары жайқалып тұр.

Бұл – оқу ордасында жүргізіліп жатқан «Таза Қазақстан» акциясына қосылған үлес, яғни көгалдандыру мен экологиялық мәдениетті дамыту бағытындағы жүйелі жұмыстың жемісі.